



## БҮЙРЫҚ

2023 ж. 8 қараша  
Нур-Султан қаласы

## ПРИКАЗ

№ 333  
город Нур-Султан

### Тестілеу жүрізудің кейбір мәселелері туралы

Казакстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандығы № 57 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру үйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7495 болып тіркелген) және 2016 жылғы 27 қантардағы № 83 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаудан откізу қағидалары мен шарттарына сәйкес (бұдан әрі – №83 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13317 болып тіркелді) **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Техникалық және көсіптік, жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білімі бар, тәжірибелі жоқ кандидаттар (бұдан әрі – кандидат), педагогикалық қызметті кайта бастағысы келетін адамдар үшін педагогтердің білімін бағалау (бұдан әрі – тестілсу) мерзімі 2023 жылғы 13 қарашадан 17 қарашага дейін белгілепсін.

2. Казакстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық көсіпорны (бұдан әрі – Ұлттық тестілеу орталығы) «U-FUTURE» жауапкершілігі шектеуді серіктестігімен (бұдан әрі - «U-FUTURE» ЖШС) («Өнерлік тәсілеу орталығы және педагогикалық құзыреттілік» жобасы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің 2019 жылғы 16 қазандығы № 2 шарттың негізінде) бірлесіп тестілеуді жүргізу рәсімін ұйымдастырыссын.

3. Мынашар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес тестілеуді еткізу пункттерінің тізімі;
- 2) осы бұйрыққа 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес Апелляцияларды карау жөніндегі республикалық комиссия ісірамы;
- 3) осы бұйрыққа 5-қосымшасында сәйкес тестілеуді откізу үшін тестілеу акимшілері мен бақылаушылардың тізімі бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Цифрландыру және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру департаменті (А. А. Тиштыбаев):

1) тестілеу өткізу кезінде тестілеу жүйесінің жарамдылығы мен тестілеу жүйесін алдын ала тексеру жұмыстарына жауаптыларды тағайындастын;

2) тестілеу жүйесінің әлсіздігін және жүйенің жұмысына араласу мүмкіндігін тексеруді қамтамасыз етсін.

5. Ұлттық тестілеу орталығы (Р.Т. Емелбаев) (келісім бойынша):

1) тест тапсырмаларының базасын және тестілеуді өткізу бойынша нұсқаулықты әзірлесін;

2) тестілеуден өту қағидаларының сақталуын қамтамасыз етсін;

3) 2023 жылғы 8 қарашаға дейін кандидаттардың өтініштерін тіркеу үшін бағдарламалық жасақтаманы әзірлесін (техникалық және кәсіптік, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, тәжірибесі жоқ кандидаттарға, педагогикалық қызметті қайта бастағысы келетін адамдарға);

4) 2023 жылғы 8 қарашадан бастап 10 қарашаға дейін тестілеуге қатысу үшін онлайн-режимде өтініштерді қабылдауды ұйымдастырын (техникалық және кәсіптік, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, тәжірибесі жоқ кандидаттарға, педагогикалық қызметті қайта бастағысы келетін адамдарға);

5) өтініштерді қабылдаудың барысы туралы күнделікті статистиканы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитетіне (бұдан әрі – ОБК), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаментіне (бұдан әрі – ТКБД), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім беру департаментіне (бұдан әрі – МБД) ұсынсын;

6) тестілеуді өткізуді ұйымдастыру және сүйемелдеу, сондай-ақ апелляциялық ресімдерді жүргізу, нәтижелерді өндеу және беру үшін бағдарламалық жасақтаманы әзірлесін;

7) тестілеу процесін бақылау және шешімдерді жедел қабылдау мақсатында ұйымдастырылған Ұлттық тестілеу орталығы жанындағы ахуалдық орталықтың жұмысын қамтамасыз етсін;

8) тестілеу нәтижелері бойынша қорытынды есеп пен статистикалық деректерді (апелляцияны ескере отырып) ОБК-ге, ТКБД-не, МБД-не (Апелляцияларды қарау жөніндегі респубикалық комиссияның жұмысы аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей) ұсынсын;

9) бағдарламалық жасақтамаға тестілеу өткізу кезінде кандидаттардың қағидаларды бұзғаны және олардың дербес жауапкершілігі үшін келісімді енгізуі қамтамасыз етсін;

10) 2023 жылғы 20 қараша мен 24 қараша аралығында Апелляцияларды қарау жөніндегі респубикалық комиссияның жұмысын ұйымдастырын;

11) қарау және шешім қабылдау үшін тестілеу аяқталғаннан кейін апелляцияға өтініштерді қабылдауды ұйымдастырысы;

12) Апелляцияларды қарау жөніндегі республикалық комиссияның жұмысы аяқталғаннан кейін (10 жұмыс күнінен кешіктірмей) жұмыс нәтижелерін ОБК-ге, ТКБД-не, МБД-не ұсынсын.

6. Тестілеу нәтижесі тест тапсырған күннен бастап бір жылға жарамды болып есептелсін.

7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (Дәуенов Е.Н.):

1) тестілеудің өтуін бақылауды;

2) кандидаттар тестілеуді тапсыруды бастаған және тапсырган кезде білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаменттері өкілдерінің қатысуын;

3) № 83 бұйрықтын 96, 97-тар мақтаратының орындалуын қамтамасыз етуді;

4) тестілеуді өткізу кезінде бейнебақылау камералары істен шыққан жағдайда осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес тестілеу әкімшілері мен бақылаушыларының тестілеуге қатысатын кандидаттар отырған аудиторияға кіруін қамтамасыз етсін.

8. «U-FUTURE» ЖШС (М.К. Динбаев) (келісім бойынша):

1) Ұлттық тестілеу орталығы өкілдерінің тестілеуді өткізу процесінің бейнежазбасына қолжеткізуін;

2) компьютерлер мен интернет байланысының үздіксіз және сапалы жұмысын;

3) әрбір компьютерде алдыңғы web-камераның болуын;

4) ұялы байланыс сигналдарын басатын құрылғылардың, бейнебақылау камераларының, металл іздегіштермен және бет-әлпетті тану жүйесінің болуын (тестілеуді өткізу кезінде);

5) тестілеу процесінің бейнежазбасын;

6) тестілеу процесі өткізілетін аумақтарда (кіреберіс, тестілеу залдары) орнатылған камералардағы бейнебақылау жазбаларының сапасын жоғалтпай сақтауын;

7) бір жыл бойы өңірлік тестілеу орталықтарының тестілеуді өткізу пункттеріндегі бейнежазбалардың күн сайын берілуін (көшіру) және деректердің сақталу жүйесін;

8) тестілеуді өткізу уақытында ақпараттық қауіпсіздікті;

9) тестілеуді өткізу қағидаларының сақтауын;

10) осы бұйрыққа 5-қосымшада бекітілген тізімге сәйкес тестілеуді өткізу пункттеріне өңірлік тестілеу орталықтарының қызметкерлері арасынан әкімшілерді тағайындауды және жіберуді;

- 11) тестілеуді өткізу пункттерінде техникалық құралдардың үздіксіз жұмыс істеуіне бақылау жасайтын кызметкерлердің болуын;
- 12) электр энергиясы сөніп калған жағдайда тестілеуді жалғастыру және аяқтау үшін компьютерлердің үздіксіз жұмыс істеуі үшін қуаттылығы жеткілікті генераторлардың болуын;
- 13) тестілеу кезінде бірге адамдардың кіруін алдын алу үшін бет-олпетті тану жүйесімен (Face ID-планшеті);
- 14) тестілеуді өткізу пункттерінде онірлік тестілеу орталықтары объектілерінің санитариялық-гигиенатық нормаларына сәйкестігін;
- 15) өнімдердес орнатасқан тестілсу откізу пункттеріндегі тестілеуден етегін адамдардың өмірі мен деңсаулығын сактау үшін жағдай жасауды;
- 16) отыргызу кезінде кандидаттар арасында кемінде 2 метр қашықтықтың сакталуын;
- 17) «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп күжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Деңсаулық сактау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздагы № КР ДСМ-84 бұйрығына сәйкес мобилді және радиоэлектрондық байланыс сигналдарын басу құрылғыларын пайдалануды, сондай-ақ электромагниттік өрісті олшеу хаттамасын атуды;
- 18) әрбір кабатта тестілеу жүргізу үшін дәліздерде, аудиторияларда санитайзерлер орнатуды;
- 19) ылғалды тазалауды үнемі жүргізуі;
- 20) кварцтау, аудиторияларды желдеу режимін, санитариялық-дезинфекциянау режимін сактауды;
- 21) тестілеу басталғанға дейін құбық қорғау органдарының екіндерімен бірлесіп гимараттың терроризмге қарсы қоргалуын тексеруді;
- 22) мобилді және стационарлық интернеттің үзіліссіз жұмысын;
- 23) тестілеу кезінде медицина кызметкерлерінің көзекілілігін қамтамасыз етсін.
9. Тестілеудің ақиараттық жүйесінің жұмысын бақылау Қазақстан Республикасының оку-агарту вице-министріне (А.Б. Ітиясов) жүктелсін.
10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының бірінші оку-агарту вице-министріне (Н.В. Жумалильдаева) жүктелсін.
11. Осы бұйрық қол койылған күннен бастап күшіне снеді.

Қазақстан Республикасының  
Оку-агарту министрі

